

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы»
РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ЕСЕП

ОТЧЕТ

2025 жыл 12 маусым
күні

№ ММН-03-2025

Алматы қ.

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Академиялық мәселелер жөніндегі



проректор

Г. Әбдірахман

12 маусым 2025 жыл

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ПРАКТИКА, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ МАНСАП СЕКТОРЫНЫҢ
ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Дайындады:			
Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының басшысы		А.Е. Әбдіқадыр	<u>12.06.25</u>
Келісілді:			
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Н.А. Ертаева	<u>12.06.25</u>
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		А.С. Сарымсакова	<u>12.06.25</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

1. Жалпы мәліметтер

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Практика, жұмыспен қамту және мансап секторы – студенттердің кәсіби практикасын ұйымдастыру мен үйлестіруді, олардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесуді, жұмыс берушілермен (соның ішінде сауалнама арқылы) өзара байланыс орнатуды, сондай-ақ түлектердің мансаптық өсуіне қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше болып табылады. Құрылымдық өзгерістерге байланысты бұл сектор 2025 жылдың ақпан айында құрылды. Жаңадан ашылғанына қарамастан, есеп беру кезеңінде сектор студенттер мен түлектердің кәсіби дамуына жәрдемдесу, жұмыс берушілермен әріптестік байланысты кеңейту, сондай-ақ түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізді.

Сектор білім беру грантының мақсатты өтеуін қамтамасыз ету, түлектерді сүйемелдеу және тиісті есептілікті ақпараттық жүйелер арқылы жүргізу бағытында «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамымен тығыз әрі үйлесімді байланыс орнатып, нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді.

Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының қызмет көрсеткіштері:

№	Категориясы	Көрсеткіш / сипаттама	Мәні / нәтижесі
1.	Студенттердің практикасы	Практика базаларының жалпы саны	32 ұйым
		Студенттердің қанағаттануының орташа деңгейі	4,5 из 5
		Практикадан өткен студенттер саны	1206
2.	Жұмыс берушілермен ынтымақтастық	Белсенді серіктестер саны (есептік кезеңнің соңында)	32 ұйым
		Ынтымақтастық туралы жаңа келісімдердің саны	17
3.	Мансаптық іс-шаралар	Өткізілген іс-шаралар саны	1
4.	Сандық ресурстар және коммуникациялар	Түлектерге арналған Telegram-арна құру	18 пост
		Жұмыс берушілерден бос жұмыс орындарының бар-жоғы туралы электрондық хат-сұраулар	15
		Мамандығы бойынша жұмыс істеп жатқан түлектердің үлесі	24,5 %

2. Жүргізілген жұмыстарды талдау

Ұсынылған жоспар-есепке сәйкес, Практика, жұмыспен қамту және мансап секторы есептік кезең ішінде бірнеше іс-шара өткізуді жоспарлаған болатын. 2025 жылғы маусым айындағы жағдай бойынша олардың 22-сі жүзеге асырылды.

Ақпан айына 5 іс-шара жоспарланған. Орындалды 5.

Наурыз айына 2 іс-шара жоспарланған. Орындалды 2.

Сәуір айына 2 іс-шара жоспарланған. Орындалды 2.

Мамыр айына 6 іс-шара жоспарланған. Орындалды 6.

Маусым айына 4 іс-шара жоспарланған. Орындалды 4.

Шілде айына 1 іс-шара жоспарланған. Орындалды 1.

Тамыз айына 2 іс-шара жоспарланған. Орындалды 2.

Есеп	2024–2025 оқу жылына арналған Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының жартыжылдық есебі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
5-тен 2 бет	

2025 жылғы ақпаннан тамызға дейінгі іс-шаралар тізімі:

№	Іс-шараның / қызметтің атауы	Жауапты тұлға	Орындау мерзімі	Нәтиженің сипаттамасы / Орындалу белгісі
Ақпан				
1.	Жаңа ережені әзірлеу және бекіту	ПЖҚМ секторы	24.02.2025	Орындалды https://conservatoire.edu.kz/upload/03-2025/Sector_praktiki_polozhenie_kaz
2.	Жаңа лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту	ПЖҚМ секторы	24.02.2025	Орындалды № ДИ-06-2025 от 26.02.2025 ж.
3.	Жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту	ПЖҚМ секторы	24.02.2025	Орындалды № ЖЖЖ-03-2025
4.	Жұмысқа орналастырылған және жұмысқа орналастырылмаған түлектер туралы мәліметтер жинау	ПЖҚМ секторы	1 наурызға дейін	Орындалды
5.	ЖОО процесі 3 – Студенттерді бөлуге дайындық	ПЖҚМ секторы	1 наурызға дейін	Орындалды
Наурыз				
6.	2024-2025 оқу жылына арналған тәжірибе бағдарламаларын жаңарту	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	Наурыз-сәуір	Орындалды
7.	«Қаржы орталығы» АҚ өкілімен кездесу	ПЖҚМ секторы	16.04.2025	Орындалды https://www.conservatoire.edu.kz/upload/04-2025/otr-granta
Сәуір				
8.	Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мәселелері бойынша 4 курс студенттерімен және түлектермен жұмыс	ПЖҚМ секторы	1 тамызға дейін	Орындалды
9.	Құрманғазы атындағы ҚҰК веб-сайты үшін тәжірибе материалдарын үнемі жаңартуды және құрастыруды ұйымдастыру	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	Жыл бойы	Орындалды
Мамыр				
10.	Кафедралардағы практика бойынша емтихандарға қатысу	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	04.05.2025	Орындалды
11.	«Бос жұмыс орындары жәрмеңкесін» өткізу	ПЖҚМ секторы	13.05.2025	Орындалды https://www.conservatoire.edu.kz/kz/news/bos-zh-mys-oryndary-zh-rme-kesi-atty-is-shara-tkizildi.html?sphrase_id=29584
12.	Жұмыс берушілерге жүргізілген сауалнама нәтижелері	ПЖҚМ секторы	15.05.2025	Орындалды https://conservatoire.edu.kz/kz/earning-process/saualnama/2024-2025-o-u-zhyly/zh-mys-berushi-

Есеп	2024–2025 оқу жылына арналған Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының жартыжылдық есебі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
5 тен 3 бет	

				saualnamas/2024-2025-anketa-zhauaptary
13.	Кафедра студенттерінің практикадан өту есебі мен күнделігін тексеру	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	17.05.2025	Орындалды
14.	2024–2025 оқу жылы бойынша барлық бітіруші кафедралардан практика есебін жинау және жинақталған жалпы есепті дайындау	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	29.05.2025	Орындалды
15.	ЖОО процесі 4 – Жас мамандарды бөлу	ПЖҚМ секторы	1 шілдеге дейін	Орындалды
Маусым				
16.	Оқу-әдістемелік кеңесте практика бойынша баяндама	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	10 маусымға дейін	Орындалды
17.	1–4 курс студенттерінің оқу, педагогикалық, өндірістік және диплом алды практикалардан өтуі бойынша есеп	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	15.06.2025	Орындалды
18.	2024–2025 оқу жылына арналған практика базаларымен жасалған шарттарды жаңарту	ПЖҚМ секторы, ОӘЖЖИБББ	Жыл бойы	Орындалды
19.	ЖОО процесі 6 – Қаржы орталығына арналған түлектер бойынша қорытынды есеп	ПЖҚМ секторы	1 шілдеге дейін	Орындалды
Шілде				
20.	ЖОО процесі 7 – ЖОО-ны аяқтау туралы бұйрықты ресімдеу	ПЖҚМ секторы	1 тамызға дейін	Орындалды
Тамыз				
21.	Түлектердің жұмысқа орналасуын талдау бойынша жұмыс	ПЖҚМ секторы	1 қыркүйекке дейін	Орындалды
22.	ЖОО процесі 5 – Жас мамандарды қайта бөлу	ПЖҚМ секторы	1 қыркүйекке дейін	Орындалды

3. Қорытынды

Жалпы алғанда, Практика, жұмыспен қамту және мансап секторы жоспарлаған іс-шаралар өз уақытында әрі белгіленген жоспарға сәйкес өткізілді. Іс-шаралардың жалпы саны жоспарланған көлеммен толық сай келеді. Бұл сектор қызметінің дұрыс ұйымдастырылып, оқу үдерісінің сапасын бақылау мен арттыруға, сондай-ақ сыртқы серіктестермен тиімді өзара әрекеттестікті жолға қоюға және студенттердің кәсіби қалыптасуына қолайлы жағдай жасауға бағытталғанын көрсетеді. Алдағы уақытта сектор серіктес ұйымдармен байланыстарды нығайту, практикадан өту мен жұмысқа орналасу үдерісін мониторингтеудің тиімді тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ студенттер мен түлектердің кәсіби дамуын сүйемелдеудің жаңа формаларын енгізу бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Есеп	2024–2025 оқу жылына арналған Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының жартыжылдық есебі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
5 тен 4 бет	

SWOT ТАЛДАУ

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
• Мәдениет саласының жетекші мекемелері мен жұмыс берушілермен орнаған тұрақты серіктестік байланыстар • Түлектермен және жұмыс берушілермен сауалнама мен кері байланыс арқылы белсенді өзара әрекеттестік • Карьерлық іс-шараларды (бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, тренингтер, кездесулер) тұрақты түрде өткізу • Студенттердің практикалық қызметке жоғары деңгейде тартылуы • Сектор бастамаларын жүзеге асыруда басшылық тарапынан қолдау • Студенттердің кәсіби және тұлғалық әлеуетін, өзіндік санасын, шығармашылық қабілеттерін ашуға ықпал ету	• Ресурстардың шектеулілігі (штаттық бірлік, қаржыландыру, техникалық қамтамасыз ету) • Үдерістердің жеткіліксіз цифрландырылуы (практика мен жұмыспен қамтуды есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің болмауы) • Әр курс студенттерінің мансаптық бастамаларға қатысу белсенділігінің біркелкі болмауы • Практиканы ұйымдастыру үдерісінде кафедралардың белсенділігіне тәуелділік • Практика бойынша есептерді қайталап тапсыру жағдайлары • Кафедралардан ақпарат жинау үдерісінің жиі кездесуі және көп уақыт алуы
Қауіптер	Мүмкіндіктер
• Еңбек нарығындағы өзгерістер (бос жұмыс орындарының қысқаруы, мәдениет саласындағы тұрақсыздық) • Студенттердің ерте кезеңнен мансаптық жоспарлауға қызығушылығының төмендігі • Жұмыс берушілер тарапынан біліктілік пен тәжірибеге қойылатын талаптардың күшеюі • Практика мен есептілікті ұйымдастыруға қатысты нормативтік базада болуы мүмкін өзгерістер	• Жаңа жұмыс берушілер мен мәдени мекемелер есебінен серіктестік базасын кеңейту • Практика мен жұмыспен қамту үдерісін басқаруға арналған онлайн-платформа әзірлеу • Карьерлік кеңес беру және менторлық бағдарламаларды енгізу • Серіктес жоғары оқу орындары және шетелдік мекемелермен бірлескен іс-шаралар өткізу • Жастардың мансаптық дамуына бағытталған гранттық және бағдарламалық жобаларға қатысу • Студенттердің базалық жоғары оқу орындарында практикадан өтуіне арналған сапарларын толық немесе ішінара қаржыландыруды қамтамасыз ететін университет бюджетінің мүмкіндіктері

Есеп	2024–2025 оқу жылына арналған Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының жартыжылдық есебі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
5 тен 5 бет	